

Ауғанстан Ислам Республикасына арналған Қазақстан Республикасының білім бағдарламасын іске асыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 28 тамыздағы N 127-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Ауғанстан Ислам Республикасына арналған Қазақстан Республикасының білім бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2009 жылғы 4 мамырдағы N 004-591қ-1 тапсырмасын орындау үшін, сондай-ақ осы бағдарламаны іске асыру үшін ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Тәжин	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Марат Мұханбетқазыұлы	министрі, жетекші
Қуанғанов	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Фархад Шаймұратұлы	министрлігінің жауапты хатшысы, жетекшінің орынбасары
Аршабеков	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Нұрғали Рахымғалиұлы	министрлігінің Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары, хатшы
Нұриманов	- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік
Мақсұт Әнуарбекұлы	комитеті төрағасының орынбасары
Жоламанов	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Нұрлан Айтманұлы	министрінің орынбасары
Бектұров	- Қазақстан Республикасының Көлік және
Азат Ғаббасұлы	коммуникация вице-министрі
Біртанов	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Елжан Амантайұлы	сақтау вице-министрі
Қасымов	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Қалмұханбет	вице-министрі
Нұрмұханбетұлы	
Мамытбеков	- Қазақстан Республикасының Индустрия және
Еділ Құламқадырұлы	сауда вице-министрі
Оразаев	- Қазақстан Республикасының Ауыл
Марат Әбілахатұлы	шаруашылығы вице-министрі
Шолпанқұлов	- Қазақстан Республикасының Қаржы
Берік Шолпанқұлұлы	вице-министрі

Әзімова - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
Эльвира Әбілқасымқызы Халықаралық құқық және мемлекеттің
мүліктік құқықтарын қорғау
департаментінің директоры

Құрманғалиева - Қазақстан Республикасы Экономика және
Аида Дәденқызы бюджеттік жоспарлау министрлігі
Әлеуметтік саланы дамыту департаментінің
директоры

2. Жұмыс тобы 2009 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде Ауғанстан Ислам Республикасына арналған Қазақстан Республикасының білім бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ұсыныстар әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі М.М. Тәжинге жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов